

Еліміздің тұмары, елдігіміздің шынары - Тәуелсіздік

Тәуелсіздік-бабаларымыздың аңсауымен, батырларымыздың білек күшімен келген еркіндігіміз. Тәуелсіздік - елдің, халықтың, ұлттың еркіндігі. Бұл-таңба-сы таста, қаны қара топырақтың тамырында жатқан құдіретті де киелі сөз. Біз бұл қунге халқымыздың ұмтылысы мен өшпес қайсар рухының арқасында жеттік. Бостандыққа жету үшін халқымыздың ба-сынан қайғылы қундер аз өткен жоқ. Ашы тер мен қанша жазықсыз адамдардың қан төгүімен келді.

Еліміз тәуелсіздікті қолы-на алғанына небері 27 жыл болды. Бұл әрине көп уақыт емес, бірақ бір елдің аяғына тік тұруына берілген аз да уақыт емес. 27 жыл ішінде біз көп-теген жетістіктерге жеттік, біздің мемлекетіміз дүни-ежузін тамсандырып келеді.

Тәуелсіздіктің арқасында жастарға, көптеген мүмкін-діктер беріліп жатыр. Қанша-ма жас грант иегері атанып, Жоғарғы оку орындарында

қалаған мамандықтары бой-ынша оқып, білім алуда. Осы-ның бәрі тәуелсіздігіміз бен Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бастамасының арқасында жу-зеге асып жатқаны баршага мәлім.

Келешек біздің, жастардың қолында. Ұлттың болашағы, елдің ертеңі- біз. Өз елімізді одан әрі көркейтіп, Тәуелсізді-гімізді тұғырлы етуге бары-мызды саламыз!

Осы мереке қарсаңын-

да, АрқМПИ химия,биология және география кафедрасының 5B011300 «Биология» мамандығының 1 -курс студенттері қала тұрғындары мен қонақтарының Қазақстан халқын Тәуелсіздігі күні мерекесімен шын жүрекten құттықтайды.

Ұлттық қасиетіміз бен құн-дылықтарымызды ұлықтаپ, ұлттық нағызынызды оятқан, әлемге қазақты азаттық сүйгіш, рухы биік халық ретінде жариялаған -Тәуелсіздік күні құтты болсын! От-басыларыңызға амандық, ден-дерінізге саулық тілейміз.

Садокат ТУРАХАНОВА,
Арайлым НҰРМАХАН
АрқМПИ,
химия,биология және
география
кафедрасының
«Биология»
мамандығының
1-курс студенттері